

«Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2024-2025 оқу жылының ІІІ тоқсаны бойынша тәрбие жұмысы туралы есеп

Мақсаты:

Оқушылардың тұлғалық дамуын, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, патриоттық сезімін ояту және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Негізгі бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар:

1. Азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие:

1.«Лияс Есенберлин - ұлы даланың даңқты ұлы» тақырыбында сынып сағаты;

2. “Алкогольдің, темекі шегудің және нашақорлықтың зияны” тақырыбы сынып-сағаты

Мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған алкогольдің, темекінің және есірткінің зиянды және улы екенін түсіндіре отырып, саналылыққа, салауатты өмірді таңдауға, тазалыққа, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиелеу. Есірткі жайлы кеңінен мағлұмат бере отырып, Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тазалыққа, денсаулыққа, баулу.

3. Цифрлық сауаттылық”

4. “Кибербуллинг”

5. “Қаржылық қауіпсіздік” сабағы

6. «Халықаралық көмек көрсету белгілері»

7. “Заң және тәртіп”

8. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз »

9.«Цифрлық гигиена» тақырыбы бойынша сынып сағаты өтті.

10. Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»

11. “Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары”

12. “ Ауғаныстан - біздің есімізде”

13. “ Кім жүйрік ойға, сол алда!”

14. “Ауған соғысы “

15. “Бірыңғай өрт қауіпсіздігі”

16. Қауіпсіз қоғам»,«Жол белгілері және олардың мақсаты» ЖЖЕ, «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?»

17. “Алғашқы медициналық көмек көрсете білу”

18. “Мінез -адам көрсеткіші”

19. “Мейірімді болуды үйрен”

20. "Қауіпті сигналдар" тақырыбында

21. "Табиғат әлеміне саяхат"

22. “Агрессия дегеніміз не?”

23. “Имандылық – адамгершілік пен ізгіліктің тірегі”

24. “Алғыс айту күніне”
 25. «1-Наурыз Алғыс айту күні»
 26. 7 “А” сыныбы “Жер сағаты”



Іс-шараның мақсаттары:

- интернетті қауіпсіз пайдалану үшін «цифрлық гигиена», «кибербуллинг», «алаяқтық», «орынсыз мазмұн», «жеке деректер», «Интернетке тәуелділік», «хакерлер», «фишинг», «вирустар» терминдерінің мәнін түсіну;
- күрделі және күшті парольдер жасаңыз, әлеуметтік желілердегі құпиялылық параметрлерін тексеріңіз, күдікті сілтемелерді, хаттар мен хабарламаларды анықтаңыз, сандық қорғаныс құралдарын қолданыңыз (антивирус, екі факторлы аутентификация).

Тәрбиелік мақсаты:

- сандық ортадағы әрекеттеріңізге жауапты болу, интернет пен әлеуметтік медианы пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Даму мақсаты:

- сандық қауіптердің алдын алу үшін ақпараттың дұрыстығын және интернеттегі басқа пайдаланушылардың әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалау.

- 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай сынып сағаттары ұйымдастырылды.
- 7 наурыз – 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді.



- 12 наурыз – «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында учаскелік инспектормен кездесу өтті.
- 20 наурыз – Наурыз мейрамы кең көлемде атап өтілді, ұлттық ойындар, көрме, сахналық қойылымдар ұйымдастырылды.



2. Рухани-адамгершілік тәрбие:

- Апта сайын «Адалдық сағаты» өткізілді.
- Сыныптарда «Мейірімділік – жүректен» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

3. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие:

- «Таза мектеп» акциясы шеңберінде сенбіліктер ұйымдастырылды.
- «Ағаш отырғызу күні» акциясы аясында мектеп ауласында ағаштар отырғызылды.
- «Отбасылық клуб» - «Шаңырақ» отбасылық клубы экологиялық бағыты бойынша Немеренко Тимур аудандық онлайн-байқауына қатысып, «Экомультфильм» номинацияда 1-ші орынға иеленді! Атanasы, жетекшісі: тарих пәні мұғалімі Немеренко З.Б.

-Қаңтардың 17-сі күні біздің мектепте қалалық пікірсайыс турнирі өтті. «Сөз додасы» командасының құрамында Асаубай Шыңғысхан, Даулбай Медина, Темирбеков Саят өз шешендік өнерің көрсетіп, 1-ші орынға иеленді!!! Жетекшісі: Немеренко З.Б.

-«Ақмола облысы білім басқармасының туризм, дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық орталығы» КММ-де өтетін олимпиадасына Дауылбай Медина 10 сынып оқушысы №8 ЖОББМ Атбасар қ. «Екінші өмір сыйла!» номинациясына дайындық жұмыстарын жасап қатысуға кірісті.

Мақсаты:

-туған өлкесінің экологиялық-өлкетану проблемаларына жастардың назарын

аудару;

-нақты аймақтық әлеуметтік-экологиялық проблемаларға қатысушылар белгілеген, әсіресе гидроэкология, ҚТҚ кәдеге жарату, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең жақсы бастамалар мен конструктивті шешімдерді көтермелеу: аудан (қала) экологиясы, адам экологиясы, табиғат экологиясы, СӨС, ақпараттық экология (вебэкология).

4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру:

- Денсаулық апталығы өткізілді. Түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылды.
- «Нашақорлыққа жол жоқ», «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» атты сынып сағаттары өтті.

5. Эстетикалық тәрбие:

Оқушылар арасында сурет және қолөнер байқауы ұйымдастырылды.

Мектепішілік «Таланттар фестивалі» өткізілді.

Мектебіміздің қысқы демалыс уақытында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сай, 2 «А» сынып оқушылары Исмогамбетов Ансар, Саятқызы Айсалина 30 желтоқсан күні «Жаңа жылға ақ тілек» тақырыбында бейнеролик жолдады. Инклюзияны қолдау кабинетінің мамандары “Өрлеу Қазақстан “ қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балалар арасында “Қыс қызығы” тақырыбы аясында өткізілген “ Ғажайып Жаңа жыл” атты Республикалық онлайн сурет сайысына қатысты.

«Эстетикалық апталығының ашылуы» – бұл өнер, мәдениет, сән, дизайн немесе эстетикаға байланысты іс-шаралардың жиынтығы болып табылады. Осы апталықта фойеде көрме мен презентациялар түрінде өткізіледі. Бұл мәдени шаралар қоғамға өнер мен эстетиканы жақынырақ таныстыру, шығармашылықты насихаттау, сондай-ақ жаңа таланттарды көрсету мақсатында ұйымдастырылады.

Ашылу салтанаты акт залында сәнді әрі қызықты түрде өтті. Апталықтың ашылуы кезінде жүргізушілер қандай іс шара осы аптада өтеді сол туралы хабарлады. Салтанатты ашылуында 5-7 сынып оқушылары “Туған жер” атты ән айтты, ал өте қызықты би 1 Ә сынып қыздары биледі. Апталықтың ашылуы өте қызықты және жақсы өтті. Эстетикалық апталық – бұл адамдардың эстетикалық талғамдарын арттыру, өнер мен мәдениетке деген қызығушылықтарын ояту мақсатында өткізілетін іс-шаралар. Әдетте, осындай апталықтарда түрлі өнер түрлері, көркемөнер мен мәдениет тақырыптары бойынша әңгімелер, көрмелер ұйымдастырылды. Эстетикалық апталықтың мақсаты – қоғамды өнер мен сұлулыққа, мәдениетке деген құрмет пен түсінікке тәрбиелеу. Осы сұрақтар мен мақал-мәтелдер талқылау барысында қатысушыларды ойландыруға және қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі. Мектептің фойесінде музыка және көркем еңбек

туралы қызықты сұрақтар қойылды, мақал мәтелдерді жалғастыру сол айтылған жауаптарға тәтті сыйлық берілді.

Мектептегі «Эстетикалық апталық» аясында өткен «Шаңырақ» отбасылық клубының «Екі жұлдыз» атты музыкалық іс-шара — өте қызықты және мәнді шара. Бұл іс-шараның мақсаты — оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және музыкалық өнер арқылы эстетикалық құндылықтарды насихаттау. «Екі жұлдыз» форматында оқушылар ата аналармен жұп құрып, ән айту арқылы сахнада өнер көрсетті. Әр жұптың бірге өнер көрсетуі арқылы қатысушылардың ынтымақтастығы мен өзара байланысы нығайып, мектеп қауымдастығында жақсы атмосфера қалыптасты. Бұл шараның аясында ән айту сахналық шеберлік және шығармашылық өнер түрлері орын алуы мүмкін. Осындай іс-шаралар оқушыларға жаңа тәжірибе мен білім береді, сондай-ақ олардың жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді. «Өнерге қанат қаққандар» атты ұйымдастырылған шоу түрлі музыкалық композициялар мен көңілді атмосфера арқылы көрермендерді өзіне баурап алды. Өнерге қанат қаққандар» тақырыбында «Екі жұлдыз» ән байқауына қатысқан ата аналар мен оқушылар:

0А сыныптан Искендинова Жанат Тургановна және ұлы Серғали Әмір - I орын

1А сыныптан Базылбекова Гулим Жақыповна және қызы Қуаныш Аружан-II орын

1Ә сыныптан ата анасы Альпеисов Ернур Сабырович ұлымен Қасен Әлинұр-I орын

2А сынып Алибекова Арайлым Жумабековна қызымен Алибекова Инара- II орын

3А сыныптан Жумушева Алтынсара Акылбековна ұлымен Серікпай Нұрасыл-III орын

4А сынып Баймағамбетова Жанар ұлы Оразбек Елболсын-III орын

5А сынып Амралинов Қуаныш Жанибекович ұлы Қуанышұлы Дарынмен -I орын

5Ә сынып Жолаушина Аякөз Саятқызы қызымен Ануарбек Адина-II орын

7А сынып Кенбейлова Нургуль Кадыровна ұлымен Талғат Нұрыммен- II орын

9А сынып Токсеитов Данияр Иманалиұлы ұлымен Иманали Мұхамеджан-I орын

11 А сынып Дисимбаева Асем Дулатовна қызымен Каирбек Арайлыммен -II орын

Іс-шараның мақсаты — ата-аналар мен балалар арасында жақын қарым-қатынас орнату, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды насихаттау. Іс-шараға қатысушылар отбасымен бірге өнер көрсетіп, ән айтып, шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.



https://www.instagram.com/p/DE4rMsEleu8/?img_index=1&igsh=MTRiazA4Mws2cj11cQ%3D%3D

Болашақ би үйірмесінің ашық сабағы өтті. Тақырыбы:Қазақ биінің қимылдары.

Міндеті: Еске сақтау қабілеттерін арттыру, би әуенін сезіне отырып би қимылын дұрыс әрі әдемі жасауға үйрету.

<https://www.instagram.com/reel/DE16VzWscp-/?igsh=MTBoZmN0eDdyc3d1bA%3D%3D>



2025 жылдың 17 қаңтары күні эстетикалық цикл апталығының аясында көркем еңбек пәнінен “Адам бетінің пропорциясын қолдана отырып, портрет салу” тақырыбында Акшулаков А.Ж. 5 “Ә” сыныбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты: Оқушылардың адам басының құрылысы жайлы таным-түсінігін кеңейту.

Темірғалиева Мадина, 5 А сынып оқушысы, “Жас толқын - 2025” ән байқауына қатысып, екінші орынға ие болды. Бұл байқау Мадинаның музыкалық қабілеттері мен өнерге деген сүйіспеншілігін айқын көрсетті. Оның тамаша орындаушылық шеберлігі мен таланты байқау нәтижесінде жоғары бағаланып, екінші орынмен марапатталды. Мадинаның бұл жетістігі оның шығармашылық дамуындағы маңызды қадам болып табылады, әрі болашақта өнер жолында үлкен жетістіктерге жететініне сенімдіміз. Бұл жетістік Мадинаның шығармашылық және білімділік қабілеттерін көрсетеді. Ол байқауға қатысып, тамаша нәтижеге қол жеткізгені үшін қуаныштымыз. Оның табыстары болашақта жаңа жетістіктерге жетуіне жол ашады.



<https://www.instagram.com/p/DFfmhbulhP1/?igsh=MW91NTdubzVsZ2k5ZWw%3D%3D>

8 жалпы орта білім беретін мектебінде аудандық, қалалық мектептерден «Жүзден – жүйрік, мыңнан - тұлпар» «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы аудандық кезеңі онлайн форматта өтті. Аудан бойынша барлық мектептер қатысты. Байқау бес бағыт бойынша өткізілді. Бірінші бағыт: “Бейнелеушілер”-қазақ әдебиетіндегі шығармаларды комикс жанрында сурет салу. Екінші бағыт “Білгірлер бәйгесі” -халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша салу. Үшінші бағыт “Жас қаламгер”- жазбаша шығармашылық жұмыс Төртінші бағыт “Сөз шеберлері”- шешендік өнер, көпшілік алдында белгілі бір тақырыпта сөз сөйлеу Бесінші бағыт “Әнші бұл-бұлдар” ән айту.

2025 жыл 09-27 қаңтар аралығында “Өрлеу Қазақстан” қоғамдық қорының “Қыс қызығы” атты тақырыбы бойынша өткен сурет номинациясынан Атбасар қаласы #8 ЖОББМ-нің 1 А сынып оқушысы Исен Әмина 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталды

2025 жылдың 11-ші ақпан күні №8 жалпы орта білім беретін мектебінде аудан мектептері арасында І. Есенберлиннің «Көшпенділер» шығармасының үзіндісінен театрландырылған қойылымдар өтті. Бұл іс-шара аудандық мектеп оқушылары мен ұстаздары үшін тарихи және мәдени құндылықтарды таныстыру мақсатында ұйымдастырылды. Қойылымда қазақ халқының өткенінен сыр шертетін тарихи оқиғалар мен тұлғалар бейнеленіп, көрермендерге қазақтың ерлік пен жауынгерлік рухы паш етілді. Мектеп оқушылары мен ұстаздары арнайы дайындалған сахналық көріністер арқылы шығарманың негізгі идеялары мен кейіпкерлерінің образдарын көрсетті. Іс-шара барысында әр мектептің оқушылары өздерінің актерлік шеберліктерін көрсетіп, көрермендерді таңқалдырды. Бұл қойылымдар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға үлкен үлес қосты. Біздің 1-11 сынып оқушылары осы байқауға белсене қатысып “Гран-при” жүлделі орынына ие болды. Іс-шара мектепте шығармашылық атмосфера орнатып, оқушыларға І. Есенберлиннің тарихи туындысын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Ақпанның 14-і күні “Бірлік және ынтымақ” тақырыбына дөңгелек үстел өтті. Қазақстан – сан түрлі ұлт пен ұлыстың мекені. Тәуелсіз еліміздің дамуы мен тұрақтылығы – біздің татулығымыз бен ынтымағымыздың арқасында жүзеге асуда.


Дөңгелек үстел барысында талқыланатын сұрақтар:

- Бірлік пен ынтымақтың тарихи маңызы
 - Қазақстан халқы Ассамблеясының бірлікті нығайтудағы рөлі
 - Қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау жолдары
 - “Әралуандықтағы бірлік” – Қазақстандағы этносаралық татулық моделі
- Бұл іс-шара бірліктің қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте еске салады. Ынтымақ пен бірлік бар жерде – береке мен табыс бар. Сондықтан, еліміздің жарқын болашағы үшін бәріміз бірге еңбек етуіміз керек! 8 сынып оқушысы Кәкім Сабина қосымша білім беретін музыкалық мектеп атынан Республикалық қашықтықтан өткізілетін музыкалық теориялық пәндер бойынша байқауға қатысып бас жүлдені иеленді. 2025 жылдың 20 ақпанында мектептің 7 «А» сынып оқушылары Хасенов Алихан, Талғат Сырым, Қайратов Диас, Асанбаев Асет, Рыскельдина Жанель, Алимова Балнур «Жас ұрпақ» балалар қоғамдық бірлестігі қатарына салтанатты түрде қабылданды. Бұл маңызды іс-шараға оқушылар, ұстаздар қатысып, бірлестіктің қызметімен танысты.

Шараның мақсаты – оқушылардың қоғамдық өмірге белсене араласуы, жауапкершіліктерін арттырып, өз құқықтары мен міндеттерін білуіне бағытталған. «Жас ұрпақ» қоғамдық бірлестігі жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, патриоттық сезімін ояту және әлеуметтік мәселелерге қатысуға мүмкіндік береді.

Шараның басты бөлігінде 7 «А» сынып оқушылары бірлестіктің мүшелері ретінде салтанатты түрде қабылданып, өздеріне арнайы галстуктар мен төсбелгілер алды. Сонымен қатар, оқушыларға «Жас ұрпақ» ұйымының бастамалары мен жоспарлары туралы қысқаша баяндалды, бұл ұйымның жастарға қандай мүмкіндіктер ұсынатыны жөнінде түсінік берілді.

Бұл шара балалардың қоғамға деген қатынасын өзгертіп, оларды әлеуметтік жауапкершілікке баулу, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін маңызды қадам болды.



“Адал ұрпақ” үйірмесінің жоспары бойынша үйірме қатысушылары “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ” атты бейне ролик түсірді

Әншуақ іс-шарасына апта сайын видео роликтер салынууда

1. 5 А сынып оқушысы Темиргалиева Мадинаның орындауында ән «Қазақстан», ӘНШУАҚ
2. 1ә сынып оқушысы Арыстан Ділнұр
3. 1 “А” сынып оқушысы Қуаныш Аружан
4. 1” А” сынып оқушысы Үсенбай Жансая

6. Отбасымен жұмыс:

- Ата-аналар жиналыстары өткізіліп, тәрбие мәселелері талқыланды.

2025 ж. 31 қаңтар күні Атбасар қаласындағы №6 жалпы орта білім беретін мектепте тағы бір іс шара Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының отырысы өтті. Отырыс «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?» деген тақырыпта болды. Мектептен ата-аналар комитеті төрағасының орынбасары Исенова Назгүл Сансызбайқызы осы іс шараға белсене қатысты.

5-11 сыныптар арасында ДТЖО А.Искакова «Балалардың жарақаттануы және оның алдын-алу алдын-алу» тақырыпта дәріс өткізді.

Балалардың жарақаттануы және оның алдын-алу өте маңызды мәселе, әсіресе мектеп демалысы кезінде, балалар бос уақытты көбірек өткізіп, көшеде жиі болып, ересектердің қарауынсыз қалады.

Балалардағы жарақаттардың алуан түрлілігіне қарамастан, оларды тудыратын себептер көп. Ең алдымен, бұл сыртқы ортаның жайсыздығы, немқұрайлылық, ересектердің қаралмауы, күнделікті өмірде, көшеде, ойын кезінде, спортпен шұғылдану кезінде баланың ұқыпсыз, дұрыс емес әрекеті. Әрине, балалардың психологиялық ерекшеліктері, қызығушылығы, үлкен қозғалғыштығы, эмоционалдылығы, өмірлік тәжірибенің болмауы, демек, қауіп-қатер сезімінің болмауы жарақатқа ықпал етеді.

Ересектер ықтимал қауіптердің алдын алуға және балаларды олардан қорғауға міндетті.

Балаларда жиі кездесетін жарақат – тұрмыстық. Балалардың үйде алатын жарақаттарының негізгі түрлері және олардың себептері:

ыстық плитадан, ыдыстан, тамақтан, қайнаған судан, будан, үтікпен, басқа да

электр құралдарынан және ашық оттан күйік;
төсектен, терезеден, үстелден және қадамдардан құлау;
ұсақ заттардан (монеталардан, түймелерден, жаңғақтардан және т. б.)
тұншығу; тұрмыстық химиялық заттармен улану (инсектицидтермен, жуғыш
сұйықтықтармен, ағартқыштармен және т. б.);
ақаулы электр аспаптарынан, жалаңаш сымдардан, инелерді, пышақтарды
және басқа да металл заттарды розеткалар мен қабырға сымдарына
жапсырудан электр тогымен зақымдану.

Құлау

Құлау-бұл көгерудің, сүйектердің сынуының және бастың ауыр
жарақаттарының жиі кездесетін себебі. Олардың алдын алуға болады, егер
рұқсат етпеу балаларға лазить қауіпті орындарда; баспалдақтарға, терезелер
мен балкондарға қоршаулар орнатыңыз.

Жазда ойын алаңдары, әсіресе әткеншектер қауіпті аймаққа айналады. Егер
бала әткеншектен құлап кетсе, ол қосымша соққылардан аулақ болу үшін
жерге жабысып, алыс жүруі керек.

Ерікті секіруден секіру ешқашан аяққа қауіпсіз қонумен аяқталмайды.

Топырақпен күрт жанасудан-білектердің, тибияның сынуы, білек
буындарының орналасуы.

Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебінің Instagram
парақшасында өрт қауіпсіздігіне арналған ата-аналар жиналысы тікелей
эфирде өтті. Жиналыстың мақсаты – ата-аналарға өрт қауіпсіздігі ережелері
туралы түсінік беру, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын күшейту
және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды
ақпаратпен бөлісу. Эфир барысында мектеп директорының оқу ісінің
меңгерушісі Хамза Зоя сөз сөйлеп, мектептегі қауіпсіздік талаптары мен
өрттің алдын алу шаралары жөнінде баяндады. Ол ата-аналарды балаларға
қауіпсіздік ережелерін үйретуге, тұрмыстық жағдайда өрттің алдын алуға
және қауіпті жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйретуге шақырды.

Сонымен қатар, жиналысқа Атбасар ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің
(ТЖБ) 4-МӨСБ бастығының орынбасары, азаматтық қорғау капитаны
Базылбеков Қуанышбек Қуанышұлы қатысып, өрт қауіпсіздігі ережелері
туралы жан-жақты ақпарат берді. Ата-аналарға:


Өрттің алдын алу шаралары,

Электр құралдарын дұрыс пайдалану,

Газ және жылыту құрылғыларын қауіпсіз қолдану,

Балалардың отпен ойнауының қауіптілігі,

Өрт шыққан жағдайда алғашқы іс-әрекеттер мен эвакуация ережелері туралы
түсіндірді.



<https://www.instagram.com/p/DGDQHNPOc6S/?igsh=MXVyZ2c0bWRzemtqOQ%3D%3D>

Біріңғай өрт қауіпсіздігі күніне орай мектеп қызметкерлерінің қатысуымен педагогикалық кеңес ұйымдастырылды. Жиын барысында мектеп директоры Смагулова Р.Н. сөз сөйлеп, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталды. Білім беру мекемелерінде өрттің алдын алу, қауіпсіздік шараларын күшейту және қызметкерлердің төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттерге дайындығын арттыру қажеттігін ерекше атап өтті. Кеңеске арнайы шақырылған Атбасар ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің (ТЖБ) 4-МӨСБ бастығының орынбасары, азаматтық қорғау капитаны Базылбеков Қуанышбек Қуанышұлы өрт қауіпсіздік ережелері туралы жан-жақты ақпарат берді. Өрттің алдын алу шаралары, өрт туындаған жағдайда алғашқы әрекеттер, эвакуациялау тәртібі және алғашқы өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалану жолдары жөнінде баяндады. Сонымен қатар, мектеп қызметкерлеріне төтенше жағдай кезіндегі негізгі қателіктер мен оларды болдырмау жолдары туралы түсіндірме жүргізді.

"Шаңырақ" отбасы клубы жұмысының жоспарына сәйкес 8 сынып ата-аналарымен ұлттық қолөнердің бірі. "Тоқыма тоқу" өнерін дамыту мақсатында қыздармен бірге жиын өткізілді.

25.02.2025ж. №8 ЖОББМ 6 сыныбында «Шаңырақ» отбасы клубы өз жұмысын жалғастырды. Жаксыбаев Аслан Кошкарбаевич балалармен шахмат ойынының ойнауды, оның тақтасының жасалу жолдарын көрсетіп, үйретті, оқушылар өз қолдарынан шахмат тақтасын жасап та көрді, сонымен қатар, қақпақтардан дойбы жасады. Аслан Кошкарбаевич оқушылармен жұмысты жалғастыруда, сондай-ақ асық ату, үстел ойынының құралдарын жасау жоспарда бар.

«Отбасы – тәрбие бастауы» атты ашық іс-шара ұйымдастырылды.

- 6 сыныпта желтоқсан айында “Дастархан мәзірі жасау” отбасы тәрбиелеу іс-шара өтті.

“Дастархан мәзірі жасау” атты отбасылық тәрбиелеу іс-шарасының мақсаты:

1. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу – оқушылар мен ата-аналарды ұлттық дәстүрлерді, қазақтың қонақжайлығын және ас әзірлеу мәдениетін құрметтеуге баулу.
2. Шығармашылық және бірлік – балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмыс арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзара қарым-қатынасын нығайту.

3. Ас мәзірін жоспарлау дағдыларын үйрету – тағам дайындаудың тәртібі мен дастархан мәзірін дұрыс құрастырудың маңыздылығын түсіндіру.

Бұл шара отбасылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, балалардың ас әзірлеуге қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Қатысқандар ата-аналар Томирис анасы және Инжу анасы. Сынып жетекшісі: Алпысова Г. К.

-“Табиғат және біз” үйірмесінде бөлме өсімдіктеріне күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Жұмыстың мақсаты: бөлме өсімдіктерін суару және оларға күтім жасау.

7. Кәсіптік бағдар беру:

Маржангүл Хабай жетекшілік 4”А” сынып оқушылары І.Есенберлиннің туған күніне орай жерлес жазушының әдеби мұражайына барып өмірі мен шығармалары туралы мол мәлімет алды.

2025 жылғы 10 қаңтарда 5 және 6 сынып оқушылары “Ширак” наубайханасына кәсіби бағдар беру мақсатында экскурсияға барды. Бұл іс-шара балаларға наубайшы мамандығымен жақынырақ танысуға және нан-тоқаш өнімдерінің қалай дайындалатынын білуге мүмкіндік берді. Олар наубайхананың жұмыс процесі, құрал-жабдықтар және осы салада қажетті дағдылар туралы көптеген қызықты мәліметтер алды.

Сынып жетекшілері: Алпысова Г.К., Немеренко З.Б.

2025 жылғы 10 қаңтарда Атбасар ауданының азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері №8 жалпы білім беретін мектептің 8-9 сынып оқушыларымен Атбасар қаласының 4-МӨСБ-ға экскурсия өткізді, онда оқушыларға өрт сөндіру техникасы мен жабдықтары көрсетілді.

қаламгер Ілияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл толды. Ақының туған күніне орай мектеп кітапханасында кітап көрмесі қойылып, оқушылар өлең оқыды.

Бүгін Атбасар қаласының 8 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары Асаубай Ш. Және Азаматқызы Мәдина И.Есенберлинның өмірінен көрініс қойып, жазушының туғанына 110 жыл толуына арналған мерекелік іс-шараға қатысқандарға өз өнерлерін көрсетті.

2025 жылғы 13 қаңтарда 5 “Ә” сынып оқушылары “Ширак” наубайханасына кәсіби бағдар беру мақсатында экскурсияға барды. Балалар наубайшы мамандығымен жақынырақ танысып, нан-тоқаш өнімдерінің қалай дайындалатынын білді. Олар наубайхананың жұмысын және осы салада қажетті көптеген қызықты мәліметтер алды.

15.01.2025 ж. Гумарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің оқытушылары келіп кәсіптік бағдар беру мақсатында

түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: студенттер мен мектеп оқушыларын университеттің білім беру бағдарламаларымен таныстыру.

Атбасар қаласы, Агротехникалық колледжіне саяхатқа 9-11 сынып оқушылары қатысты



Атбасар қаласындағы №8 жалпы орта білім беретін мектепке Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің оқытушыларының келуінің негізгі мақсаты – болашақ түлектерді мамандық таңдауға бағыттау, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сай білім беру бағдарламаларын түсіндіру және университеттің мүмкіндіктерімен таныстыру.



Бұл жұмыстар келесі міндеттерді қамтиды:

Оқушыларды университеттің білім беру бағдарламалары, факультеттері мен мамандықтары туралы ақпараттандыру.

Заманауи еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы мәлімет беру.

Мектеп түлектерінің қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау үшін түрлі кеңес беру шараларын ұйымдастыру.

Университетке түсу тәртібі, гранттар мен жеңілдіктер туралы түсіндіру.

Студенттік өмір және университеттің артықшылықтары туралы ақпаратпен бөлісу.

Павлодар қаласы Торайғыров университеті 2025 жылдың 30 қаңтарында ZOOM платформасында онлайн кездесу өткізді. Мақсаты: университеттің жетістіктері, мамандықтары, оқуға түсу шарттарымен таныстыру.

Қостанай қаласындағы Ш. Кабылбаев атындағы Академияның 1 курс курсанты Сорокина Анастасия мен Қарағанды қаласындағы Академияның 4 курс курсанты Аубакиров Айдын 9 және 11 сыныптарға профориентациялық

жұмыс жүргізді. Мектеп оқушылары болашақ кәсіби бағыттарын анықтау, полиция саласында білім алуға қызығушылықты арттыру мақсатында өткізілген.

Атбасар ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің (ТЖБ) 4-МӨСБ бастығының орынбасары, азаматтық қорғау капитаны Базылбеков Қуанышбек Қуанышұлы 11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру мақсатында кездесу өткізді. Іс-шара барысында Көкшетау қаласында орналасқан Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы туралы жан-жақты ақпарат беріп, оқу орнының артықшылықтары мен мүмкіндіктерін түсіндірді. Сонымен қатар, оқуға түсу шарттары, талаптары, қажетті құжаттар тізімі, оқу барысы және түлектердің болашақтағы жұмысқа орналасу перспективалары жайында кеңінен баяндады. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толық әрі нақты жауаптар алды. Бұл кездесу олардың кәсіби бағдарын анықтауға және азаматтық қорғау саласына деген қызығушылығын арттыруға үлкен септігін тигізді.

<https://www.instagram.com/reel/DGDS78zRmaD/?igsh=MW16d2hxN2h0MjQ0MQ%3D%3D>



8. Буллинг, Құқық бұзушылық

8”А” оқушыларымен «Буллингтен қорған» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

мақсаты

1. Буллингтің жеке адамдарға және қоғамға әсері туралы түсінік беру.
2. Буллингтің алдын алу жолдары және зардап шеккендерге қолдау көрсету жолдарын талқылау.

Дөңгелек үстел барысында оқушылар буллинг туралы өз ойларымен бөлісіп, өз-өзін бағалауы мақсатында тапсырмалар орындады.



<https://www.instagram.com/p/DGcTy5RIbvd/?igsh=bnc0YmV1bWZoNWk%3D>

08 қаңтар күні №3 жалпы орта білім беретін мектебінде тәрбие жөніндегі орынбасарлардың кезекті отырысы өтті. Мектептен ДТЖО А.Искакова қатысты. Отырыста бірнеше өзекті сұрақтар қарастырылды олар : “Буллинг”, “Мектепте өз-өзін қалай ұстауды” және “Азаматтық қорғаныс туралы”

Қаңтардың 20-сы күні 1-11-ші сыныбында “ Буллингтен қорған” тақырыбына сынып сағаты өтті.



<https://www.instagram.com/p/DFCTSS6ozDq/?igsh=dHFhdHc5N2w2cmo2>

Педагог-психолог Мулдахметова Г.Н., 3-4 сынып оқушыларымен “Буллинг және оған қарсы тұру” әңгімелесу жүргізді. Мақсаты: Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау,мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу, Оқушылардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату.



https://www.instagram.com/p/DGuKuVNu_6/?igsh=MXJ0bXcwazN4MTU1NQ%3D%3D

2025 жылдың 27 қаңтар күні аудандық мәдениет үйінде 9-11 сынып оқушыларының назарына « Қауіпті синтез» атты деректі фильм ұсынылды. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, зиянды әдеттерден аулақ болуды насихаттау. Бұл іс –шараға мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары қатысты.

-Тәрбие жөніндегі орынбасары А.Искакова 5-11 сыныптар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында дәрістер жүргізді. Білім беру мекемесінің тәрбие жұмыстарын жақсарту бағытында қолға алынған шара болып табылады. Мұндай дәрістердің негізгі мақсаты – жасөспірімдерге заңды түсіндіру, құқықбұзушылықтардың зардаптарын көрсету және оларға құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Дәрістер барысында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, тәртіптілік пен жауапкершілікті насихаттауға, сондай-ақ қоғамдағы әр адамның құқықтары мен міндеттерін түсінуге мүмкіндік берілді. Әдетте, мұндай дәрістерде әр түрлі құқықбұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ олардың жасөспірімдер арасында орын алу себептері мен салдары талқыланады.

А.Искакова, мектептің директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, 5-7 сынып оқушыларының қыздарымен «Қыздардың жеке бас гигиенасы» тақырыбында онлайн түрде кездесу өткізді. Бұл іс-шараның мақсаты қыздардың денсаулығы мен гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтау және өздерін дұрыс күтудің маңыздылығын түсіндіру болды.

Іс-шара барысында А.Искакова қыздарға жеке бас гигиенасы, оның ішінде дене тазалығын сақтау, өскен кезеңіндегі күтім және тері күтіміне байланысты кеңестер берді. Сондай-ақ, сұрақ-жауап дәріс өткізіліп, оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтар қойып, жауап алды. А.Искакова, мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, 8-11 сынып оқушылары арасында «Ерте жүктілік» және қыздардың жеке гигиенасы тақырыптары бойынша ақпараттық кездесу өткізді. Бұл іс-шараның мақсаты — жастарға өз денсаулығына дұрыс күтім жасау, ерте жүктіліктің алдын алу, сондай-ақ жеке гигиенаның маңыздылығын түсіндіру болды.



Кездесу барысында А.Искакова қыздарға ерте жүктіліктің денсаулыққа және болашақ өмірге қалай әсер ететіндігі туралы маңызды ақпарат беріп, олардың өздерінің жеке қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтаудың жолдарын түсіндірді.

Сонымен қатар, жеке гигиена туралы кеңестер айтып және күнделікті өмірде күтім жасаудың қажеттілігіне тоқталды.

Бұл кездесуде қыздар өз сұрақтарын қойып, арнайы кеңестер алды. Мұндай тақырыптармен жиі кездесулер өткізіп тұрудың қажеттілігі туралы пікірлер айтылды, себебі бұл жасөспірімдер үшін өз денсаулығын дұрыс түсіну және сақтау үшін өте маңызды.

Атбасар ауданы прокуратурасының прокуроры Жарылқасын Эльдар Маратұлының қатысуымен барлық қалалық мектептердің 8 сынып оқушыларына Атбасар аудандық мәдениет үйінде “Нашақорлық” туралы дәріс өткізіп, “Закладка” туралы бейнеролик көрсетті. 8 ЖОББМ-нің 8 сынып оқушылары дәріске қатысты. Мақсаты: Дәл қазір адамзат ұрпағына төніп тұрған нашақорлық кеселдің пайда болуын, қоғамға, адамдарға осы дерттің зардаптарын түсіндіру;

Адамгершілік, құқықтық тәрбие беру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

-Ювеналдық полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры С.Токжуманова оқушыларға «Құқықбұзушылық туралы», «Ерте жүктілік туралы», «Оқушылардың мектептегі жүруі, тұруы, мектеп жарғысы туралы» бейнероликтер көрсетіп, дәріс оқу арқылы оқушыларға құқықтық білім беру жұмыстарын жүргізуде. Бұл шаралардың мақсаты – оқушылардың заңды бұзбауын қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру, қоғамда жауапты азамат болып қалыптасуға көмектесу.

Құқықбұзушылық туралы – бейнеролик пен дәріс барысында оқушыларға құқықбұзушылықтың түрлері, жауапкершілік деңгейлері және олардың құқықтық салдары туралы түсіндіріледі. Бұл оқушылардың заңды бұзудан сақтануына, дұрыс мінез-құлық қалыптастыруына әсер етеді.

Ерте жүктілік туралы – бұл тақырып бойынша дәрістер мен бейнероликтер оқушыларды ерте жүктіліктің алдын алу, оның психологиялық, физикалық және әлеуметтік салдары туралы ақпарат беруге бағытталған. Оқушылардың өз денсаулығы мен болашағына қатысты дұрыс шешімдер қабылдауына септігін тигізеді.

Оқушылардың мектептегі жүруі, тұруы, мектеп жарғысы туралы – мектеп жарғысы мен ережелерін түсіндіру арқылы оқушылардың мектепте өз міндеттерін дұрыс орындауына, тәртіп сақтауына ықпал етеді. Бұл білім беру процестерін реттеу және мектеп ішінде дұрыс тәртіпті қалыптастыру үшін маңызды.

Аталған шаралар арқылы құқық қорғау органдары жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және олардың өмірін қауіпсіз етуге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырады.

2025 жылғы 26 ақпанда Атбасар ауданының теологы А.Ж. Гиззатов 8,9,11 сынып оқушылары үшін және Атбасар қаласының №8 жалпы білім беретін

мектебінің педагогикалық ұжымы үшін “Интернеттегі қауіпсіздік және заң”, “Заң және неке” тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазақстан Республикасының Дін мәселелері жөніндегі заңнамалық базасына ерекше назар аударылды.

5-7 сыныптар арасында ДТЖО А.Искакова «Бала құқықтары» тақырыбында әңгімелесу өткізді. Бұл іс-шара балалардың құқықтарын түсіндіру және оларды қорғау мәселелері бойынша білімдерін арттыру мақсатында ұйымдастырылған.

Әңгімелесу мақсаты:

1. Бала құқықтарын түсіндіру: Оқушыларға балалардың халықаралық деңгейде қорғалатын құқықтары туралы, атап айтқанда, Бала құқықтары туралы конвенция мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әрбір балаға берілетін құқықтар жайында ақпарат берілді.

2. Балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау: Әңгімелесу барысында оқушыларға өздерінің құқықтарын білу және оларды қорғау тәсілдері түсіндірілді. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігі мен жақсы өмір сүру үшін өз құқықтарын қалай дұрыс пайдалану керек екені туралы талқыланды.

3. Әлеуметтік және құқықтық жауапкершілік: Оқушыларды бала құқықтарының сақталуы және бұл құқықтардың бұзылмауы үшін қоғамдағы әрбір адамның жауапкершілігі жайында ойлануға шақырды.

Әңгімелесу барысында оқушыларға фойеде арнайы стенд көрсетілді. Стендте бала құқықтары туралы ақпараттық материалдар мен суреттер орналастырылды. Мұндай стенд балалардың құқықтарын визуалды түрде таныстыруға мүмкіндік берді және оларды тереңірек түсінуге көмектесті. Стендте келесі ақпараттар болды:

- Бала құқықтары туралы негізгі ережелер.
- Бала құқықтарын қорғау туралы халықаралық құжаттар.
- Балалардың қорғалуы тиіс құқықтары (оқу, денсаулық, ойын, отбасында тәрбиелену және т.б.).
- Құқық бұзушылық жағдайларында кімге жүгіну қажет екені.

Бұл стенд оқушылардың қызығушылығын арттырып, бала құқықтары туралы қосымша білім алуға мүмкіндік берді. Әңгімелесу мен стенд арқылы балалардың өз құқықтарын білуі және оларды дұрыс пайдалануына септігін тигізу көзделген.

Атбасар ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің (ТЖБ) 4-МӨСБ бастығының орынбасары, азаматтық қорғау капитаны Базылбеков Қуанышбек Қуанышұлы Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебінде өрт кезінде эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу өткізді. Жаттығудың басты мақсаты – төтенше жағдайлар кезінде оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің жылдам әрі дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ эвакуациялау тәртібімен таныстыру болды. Оқу-жаттығу барысында:

Өрт дабылы іске қосылып, мектеп ұжымы мен оқушылар ғимараттан қауіпсіз аймаққа эвакуацияланды;

Төтенше жағдай кезінде өзін-өзі ұстау ережелері түсіндірілді;

Өрт қауіпсіздігіне қатысты маңызды кеңестер берілді;

Жаттығуға мектептің барлық оқушылары, мұғалімдер мен қызметкерлер

белсенді қатысты. Іс-шара соңында азаматтық қорғау капитаны Базылбеков Қуанышбек Қуанышұлы эвакуация барысын қорытындылап, қатысушыларға қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керектігін ескертті. Мұндай оқу-жаттығулар төтенше жағдайларға дайындықты арттыруға, қауіпті жағдайларда дұрыс әрекет етуге және өрт қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Оқуға құштар мектеп:

“Оқуға құштар мектеп” акциясының негізінде 5 “ә сынып оқушылары Ануарбек Адина, Серік Талшын және Серік Мадияр қысқы демалыс кезінде “Мен ата-анаммен кітап оқимын” тақырыбында бейнеролик түсірді.

Қаңтардың 5-і күні қысқы демалыста 5-ші “А” сыныбының оқушысы Талғат Нұрым анасымен Ы.Алтынсарин қызықты фактілер туралы кітап оқыды

6 қаңтар күні 7 “А” сынып жетекшісі Қазымбек Индира Қуанышбайқызы “Ойлы болсаң, озып көр!” тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырды. Іс-шара мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту және зияткерлік білімдерін арттыру болды. Шараға барлық оқушылар белсенді қатысып, өз білімдерімен көзге түсті. Әсіресе, Рыскелдина Жанель мен Қайратқызы Айзере ерекше нәтижелер көрсетіп, өз тапқырлықтарымен танылды.

4”А” сынып оқушылары бүгінгі сынып сағатында қаңтар айының құндылықтарына байланысты “ Мектептегі тәртіп ережелері”, қауіпсіздік ережелерімен танысып, “Оқуға құштар мектеп” аясында жерлес жазушы І.Есенберлиннің туған күніне орай әдеби мұражайынан алған әсерлерімен бөлісті.

21 қаңтарда мектеп кітапханасының жоспары бойынша екінші сыныпта «Экрандағы ертегілер» тақырыбында викторина өткізілді. Оқушылар бастапқыда кітапта жазылған ертегінің пайда болғанын, содан кейін балаларға арналған экрандалған мультфильмдердің жасалғанын білді. Сондай-ақ балалар пазлдарды жинап, пазлдағы және әріптердегі ертегілердің атауын білді.

2025 жылдың 29 қаңтарында «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы Астана қаласы №67 гимназиямен бірлесе отырып Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған республикалық ғылыми–тәжірибелік конференция және «Есенберлин тағылымы» республикалық Ілияс Есенберлин оқуларын өткізді. Оқулар жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сынып оқушылары арасында 5 номинация бойынша өтті:

1. «Көңіл – дастан» - Ілияс Есенберлин шығармаларын жатқа оқу номинациясы;—
2. «Жырладым бір ұлыңды, аяулы елім...» - жас ақындар номинациясы;—
3. «Есенберлин - заманның заңғар тұлғасы» жазушының еңбектері бойынша

буктрейлер корғау номинациясы—

4. «Ұлт рухын тірілткен тұлға...» эссе жазу номинациясы;—

5. «Тарихтың ізімен» - автордың шығармалары негізінде комикстер номинациясы.—

Жерлес жазушы І.Есенберлинге арналған бұл іс-шараға Атбасар қаласының №7 және 8 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары да белсене қатысты.

5 аталым бойынша 208 оқушы қатысқан республикалық жарыста Атбасар қаласының оқушылары жүлделі орындар иеленді. “Жырладым бір ұлынды аяулы елім...” жас ақындар аталымы бойынша №7 ЖОББМ 9-сынып оқушысы Уатхан Нұрәли III орын, пән мұғалімі Хұрмет Нұрдыбек. “Есенберлин - заманның заңғар жазушысы...” буктрейлер аталымы бойынша №7 ЖОББМ 7-сынып оқушысы Қайыржан Ильнара III орын, пән мұғалімі Есенгулова Лида.

“Көңіл дастан...” Есенберлин шығармаларын жатқа оқу аталымы бойынша №8 ЖОББМ 10-сынып оқушысы Асаубай Шыңғысхан III орын, пән мұғалімі Қазымбек Индира.

“Ұлт рухын тірілткен тұлға...” эссе аталымы бойынша №7 ЖОББМ 11-сынып оқушысы Ерлан Аяулым, №8 ЖОББМ 11-сынып оқушысы Зиякулова Сабина сертификат иегерлері болды.

30 қаңтар күні 8 жалпы орта білім беретін мектептің 7”А” сынып оқушылары аудандық Ілияс Есенберлин атындағы кітапханаға барып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мұхтар Мағауиннің 85 жылдығына арналған іс-шараға қатысты. Кітапхана қызметкерлері жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы қызықты мағлұматтар ұсынып, оқушыларға оның еңбектерінің маңыздылығын түсіндірді. Балалар қаламгердің кітаптарымен танысып, пікірлерімен бөлісті. Бұл шара оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, рухани байытуға септігін тигізді.

2 ақпанда қазақ жазушысы Мұхтар Мағауин 85 жасқа толды. Оның шығармашылығы қазақ жерінің тарихи сәттеріне толы. Кітапханада оның шығармалары көрмеде оқу үшін қарастырылған.

7 сынып оқушылары арасында «Оқудан данқ жасалсын!» іс-шара өткізілді. Оқушылар А.Асанбаев, С.Талғат, Д.Қайратов «Андарға арналған мектеп», «Патшанын даналығы», «Салыстырғанда білесің...» деген аңыздарды оқыды. Оқып болғансын оқушылар әр аңызды талқылады. Іс-шараның мақсаты оқылған ақпаратты тыңдаушыға жеткізу және талқылау. Ой-өрісті кеңейту. Іс-шараны өткізген кітапханашы Тулеуова Г.К.

“Ізден, талаптан, оқырман” тақырыбында 5 “Ә” сыныбымен іс-шара өткізілді. Мақсаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем шығармаларды насихаттау, кітапханаға келуші оқырман санын ұлғайту.

Ақпанның 20-сы күні 5 “А” сыныбы “Кітапханаға кітап сыйла” акциясына қатысты.

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясының басты мақсаты – оқушыларды кітап

оқуға ынталандыру, кітапхана қорын толықтыру және рухани мәдениетті дамыту. Сонымен қатар, бұл шара балаларды қайырымдылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеп, білімге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Асхана бойынша мониторинг:

Оқушылардың дұрыс тамақтануы олардың денсаулығына, оқу қабілетіне және жалпы өмір сапасына әсер етеді. Мектепте және үйде қандай тағамдар пайдалы, ал қандайлары зиянды екенін білу өте маңызды. Мониторинг жүргізген кезде, ДТЖО А.Искакова оқушылармен асханада тамақ жеп отырған кезде бақылады және оқушылар арасында сауалнама жүргізді. оқушылар біледіме қандай тағамдар пайдалы және қандайы зиян.

Спорттық іс-шаралар:

Аудан мектептері арасында баскетбол жарысынан 3 орын алған оқушыларымыз Нағашыбай Жандаулет, Қабдешов Мейрам,Сериков Ерсұлтан, Қабдешов Аян,Талғат Сырым,Қайрат Диас қатысты. 11 қаңтар күні біздің мектепте үстел теннисінен 9-11 сыныптар арасында аудандық зоналық жарыстар өтті. Жарысқа Мариновка орта мектебі,Мариновка қазақ орта мектебі,Бастау №1,Бастау №2, №2ОМ,№8 ОМ қатысты.Финалдық кезеңге №2 орта мектеп жолдама алды. Өткізген дене шынықтыру пәні мұғалімі Ауезов К.С


14 қаңтар күні “Олимп” спорт кешенінде 9-11 сыныптар арасында аудандық футбол жарысы өтті. Жарысқа ауданнан 11 мектеп қатысты.Біздің мектептің оқушылары Тойшибеков И, Казиханов Д, Бижанов М, Тоқмырза М, Атамбай Е, Бақытжан Б, Саятлеков Х, Жумағали Д, Хижинский Н, осы оқушыларымыз 1 -орынды жеңіп алды. Құттықтаймыз!Дене шынықтыру пәні мұғалімі Ауезов К.С

Атбасар қаласының 180 жылдық мерей тойына байланысты 29-Қаңтар күні дене шынықтыру апталығы аясында 5-сыныптар арасында “Көңілді кедергілер” спорттық сайыс өтті.Сайыс оқушылардың көңілінен шықты. Оқушылар марапатталды.

Инклюзия:

Инклюзия қолдау кабинетінің психолог- дефектологы Г.Кенжебекова. ЕRMексазбен жұмыс ұсақ қол моторикасын дамыту сабақтары. Мақсаты;балалардың ұсақ моторикасын жетілдіруге, қол мен саусақтың үйлесімді жұмысын қалыптастыруға көмектеседі. Бұл дағдылар баланың

жазу, оқуға деген қабілетін арттырады, сонымен қатар оның когнитивтік және әлеуметтік дамуын қолдайды, баланың шығармашылық қабілеттерін ашуға, өзін-өзі бағалауды арттыруға және эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыруға ықпал етеді.



<https://www.instagram.com/reel/DE1m5ThoD0H/?igsh=MXZuYWhzM3B6ZmQ5NA%3D%3D>

Мектеп психологы Г.Н.Мулдахметова, 9 сынып оқушыларымен “Қиын жағдайлардан не үйренеміз” тақырыбында, аутоагресивті мінез-құлықты алдын алу жұмысын өткізді.

Мектебіміздің педагог-психологы Г.Н.Мулдахметова. 5 сынып оқушыларымен “Дос болайық бәріміз” тақырыбында тренинг жүргізді. Тренинг мақсаты: Балалардың ой өрісін кеңейту. Балаларды бір-бірін сыйлауға, тыңдауға үйрету, бірлесе жұмыс жасай алуға үйрету.

Қорытынды:

ІІІ тоқсанда тәрбие жұмысы жоспарға сай жүргізілді. Іс-шаралар оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық және азаматтық белсенділіктерін дамытты. Алдағы уақытта да тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жалғасатын болады.

Барлық ақпараттар INSTAGRAM, FACEBOOK желілеріне салынды.

https://www.instagram.com/atbasar_8zhobbm/

ДТЖО:

Искакова А.А.